

Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға шетел инвестицияларын тарту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 28 маусымдағы N 811

Республиканың агроөнеркәсіп кешенінде дербес ұқсату өнеркәсібін және өзін-өзі қамтамасыз етудің аймақтық принциптерін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Көкшетау облысы әкімінің қазақстандық "Абақ" фирмасымен бірлесе отырып, Көкшетау облысында рапс тұқымын өңдеу жөніндегі май заводын салу үшін шет елдік инвесторды, тендер жеңімпазын - "Идиль" фирмасын /Түркия/ тарату жөнінде Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Солтүстік Қазақстан облысының әкімімен және "Қазақрапс" Аймақтық ассоциациясымен келісілген бастамашылығы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдерімен бірлесе отырып май заводын шикізатпен тұрақты қамтамасыз ету үшін рапс дақылдарының егіс алқабын сақтау және одан ары ұлғайту мүмкіндігін зерттейтін болсын.

3. Қазақстан Республикасының экономика министрлігі Үкіметтің кепілдемесінсіз, май заводы құрылысын қаржыландырушы шетелдік инвесторды тарту есебінен, басым жобалардың индикативті тізбесіне май заводын салуды енгізсін.

4. "Абақ" фирмасы ішкі және сыртқы рыноктарда өндірілетін

өнімдерді сату арқылы кредитті қайтару тетігін жүзеге асырсын.

5. Көкшетау облысының әкімі май заводын салу және жұмыс істеуі үшін тиісті жағдайлар жасау жөнінде қажетті шаралар қабылдайтын болсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК